



Ел жүргі - елорда шекіресі

АСТАНА АКШАМБЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Орталық Азия елдеріне ортақ түсіністік керек

Кеше Астанада Орталық Азия елдері басшыларының консультативтік жұмыс кездесуі болды. Өған Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Қырғызстан Президенті Сооронбай Жээнбеков, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Түркменстан Меджлис төрайымы Акджа Нурбердыева қатысты.



Бес ел басшысының кездесуі жабық есік жағдайында өтті. Сонынан Нұрсұлтан Назарбаев жиынның қорытындысы жөнінде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне брифинг берді. Мұнда Қазақстан Президенті Орталық Азия елдері лидерлері өткізген басқосудың негізгі нәтижелеріне тоқталды.

– Консультативтік жұмыс кездесуі толық өзара түсіністік пен тату көршілік жағдайында өтті, – деді Нұрсұлтан Әбішұлы. – Біз күн тәртібіндегі халықаралық және өнірлік өзекті мәселелер бойынша пайымды да сындарлы ой-пікірлерімізді ортага салдық. Өнірдің көлік-логистика жүйесін екі жақты форматта да, Еуразиялық экономикалық одақ аясында да бірлесе қалыптастырамыз. Сонымен бірге, біздің алуан түрлі ішкі өнірлік проблемаларымызды да ешкімнің сырттан келіп шешіп бермейтінін түсінеміз. Осыған орай аймақтағы базалық басымдықтарды анықтап, келешектегі жұмыс жоспарын жасап алдық.

Мемлекет басшысы Орталық Азияның барлық елдері Ресей Федерациясымен белсенді экономикалық ынтымақтастықта жұмыс жасай беретінін де атап өтті. Бұдан әрі өнірлік қауіпсіздік пен Ауғанстандағы ахуал мәселелері бойынша жүргізілген келіссөздер нәтижелеріне назар аударды.

Орталық Азияның барлық елдері Ауғанстандағы саяси-экономикалық даму мен саясат мәселелерін реттеп отыруға қолдау көрсетіп келеді, – деді Нұрсұлтан Назарбаев. – Біз өз күш-жігерімізді Ауғанстан проблемасын

халықаралық деңгейде талқылауды жалғастыруға жұмылдыра түсу жөнінде келісімге келдік. Бұл ретте Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде аталмыш жұмыстарды халықаралық дәрежеде белсенді турде жүргізе береді.

Президент біздің еліміз өнір елдерінің қауіпсіздік кеңесі аппараттары арасында бес жақты тұрақты консультациялар жүргізу тетігін жасауды ұсынғанын әнгімеледі.

– Бұл келісілген ұстанымдарды іске асыра отырып, өнір қауіпсіздігінің маңызды мәселелері бойынша тұрақты диалог жасап тұруға мүмкіндік береді, – деді ол. – Бес ел арасындағы шекараны делимитациялау және демаркациялау жұмыстарын аяқтау ісі негізгі бағыт болып саналады. Осылай байланысты делегация басшылары өні-

ріміздегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты қүшейту мақсатында үлкен үдерісті жылдамдату қажеттігін макуллады. Нұрсұлтан Назарбаев Орталық Азия елдері арасындағы сауда-экономикалық өзара ықпалдастық мәселелеріне тоқталғанда, оның өнірдің қарқынды дамуына серпін беріп келе жатқанына назар аударып, үлкен бағыттағы жұмыстардың одан әрі ілгерілей беретінін айтты. Бұған аталған мемлекеттердің әлеуеті толық жетеді.

– Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметі бойынша, соңғы 10 жылда Орталық Азия елдеріндегі ішкі жалпы өнімнің орташа өсімі 6,2 пайызды құрады, – деді Елбасы. – Үлкен сол кезеңдегі 2,6 пайыздық орташа көрсеткіштен асып түседі. Өнір елдерінің сыртқы саудасында да өсім болғаны байқалды.

Мемлекет басшысының айтуынша, өзара сауда көлемінің есуі Орталық Азия елдеріндегі тұрғындардың өмір сүру деңгейінің артуына септігін тигізіп отыр. Ал үлкен жұмыс кездесуі барысында өнірлік экономиканың орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін нақты шаралар да қарастырылған болып шықты.

Қазақстан басшысы экономиканы жаңа инновациялық-цифрлық платформаға көшіру қажеттігіне тоқталып, транзиттік тасымалдаулар кезінде тарифтік саясатты оңтайландырудың және әкімшілік ресімдерді женілдетудің маңыздылығына мән берді. Ол бұдан бөлек, трансшекаралық су ресурстарын пайдалану мәселелерін ортақ құқықтық ұстанымдар, өзара құрмет және барлық тараптың мұдделерін сақтау негізінде шешудің маңызды екеніне айрықша салмақ салды.

Қазақстан Президенті консультативті кездесу барысында өнірдегі экономикалық ынтымақтастықты ілгерілету мақсатымен вице-премьерлер деңгейінде бес жақты жұмыс комиссиясын құру туралы ұсыныстың талқыланғанын атап өтті. Сонымен бірге, қарқынды даму үшін ішкі өнірлік қаржыландыру көздерін қалыптастыру керектігі туралы тұжырымға қазық байлады. Бұдан әрі мәдени-гуманитарлық байланыстар өнірлік өзара іс-қимылды қүшетудің маңызды факторы болып саналатынына көніл бөлді. Сонында Қазақстан басшысы қол жеткізілген уағдаластықтар мемлекеттеріміз ынтымақтастығына айтартылған серпін беретініне сенетінін айтты.

– Ең бастысы, бізде өзара ортақ түсіністік қалыптасты, сондай-ақ

серіктестігімізді нығайтуға және бір-бірімізге қолдау көрсетуге ниеттіміз, – деді ол. – Сондықтан мұндан кездесулерді жыл сайын тұрақты түрде, барлығымызға ортақ ұлы Наурыз мерекесі қарсаңында өткізіп тұру жөнінде үағдаластық.